

2026. 13 (1)

# Asian Journal "STEPPE PANORAMA"



ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

*Құрылтайшысы және баспагері:* Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

*Жарияланым тілдері:* қазақ, орыс, ағылшын.

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты 2026  
© Авторлар ұжымы, 2026

### БАС РЕДАКТОР

**Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

### РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

**Аутрам Алан (Outram Alan)** — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

**Аширов Адхамжон Азимбаевич** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

**Әбіл Еркін Аманжолұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)

**Әлімбаев Нұрсан** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

**Жаркен Айгүл Мәлікқызы** — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

**Кригер Виктор (Kriege Viktor)** — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

**Оайон Изабель (Ohayon Isabelle)** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

**Сабурова Татьяна** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

**Муминов Ашірбек Құрбанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

**Смағұлов Оразақ Смағұлұлы** – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

**Томохико Уяма** — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

**Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell)** — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

### ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

**Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы** — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

### ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

**Қапаева Айжан Тоқанқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Кубеев Рустем Жаулыбайұлы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

### ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

**Бурханов Бимурад Бадритдинұлы** — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Копеева Сания Жуматайқызы** — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

*Учредитель и издатель:* РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»  
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации  
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство  
о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:  
история, этнология.

*Языки публикации:* казахский, русский, английский.

*Адрес редакции и издательства:*

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

© Институт истории и этнологии  
имени Ч.Ч. Валиханова, 2026  
© Коллектив авторов, 2026

### ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

**Кабульдинов Зиябек Ермуханович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

### РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Абиль Еркин Аманжолович** — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)

**Алимбай Нурсан** — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Аутрам Алан (Outram Alan)** — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

**Аширов Адхамжон Азимбаевич** — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

**Вернер Синтия (Werner, Cynthia)** — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

**Жаркен Айгуль Маликовна** — доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва. (Казахстан)

**Исмагулов Оразак Исмагулович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Кокебаева Гульжаухар Какеновна** — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

**Кригер Виктор (Kriege Viktor)** — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

**Муминов Аширбек Курбанович** — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

**Оайон Изабель (Ohayon Isabelle)** — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

**Сабурова Татьяна** — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

**Таймагамбетов Жакен Кожаметович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

**Томохико Уяма** — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

**Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell)** — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

### ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

**Каипбаева Айнагуль Толганбаевна** — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

### НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

**Капаева Айжан Токановна** — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Кубеев Рустем Джаулыбайулы** — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

### ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

**Бурханов Бимурад Бадритдинович** — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Копеева Сания Жуматаевна** — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

ISSN 2710-3994 (online)

*Founder and publisher:* RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

*Publication languages:* Kazakh, Russian, English.

*Editorial and publisher address:*

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute  
of History and Ethnology, 2026  
© Group of authors, 2026

#### EDITOR-IN-CHIEF

**Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

#### EDITORIAL BOARD

**Abil Yerkin Amanzholovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Member of the Mazhilis of the Parliament of the RK. (Kazakhstan)

**Alimbay Nursan** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Azimqulov Javohir** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

**Diener Alexander** — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

**Ian W. Campbell** — PhD, Professor at the University of California (USA)

**Ismagulov Orazak Ismagulovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

**Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Al Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

**Kriege Viktor** — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

**Morrison Alexander** — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

**Muminov Ashirbek Kurbanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

**Ohayon Isabelle** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

**Outram Alan** — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

**Rimantas Želvys** — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

**Saburova Tatiana** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

**Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

**Werner, Cynthia** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

**Tomohiko Uyama** — PhD, Professor at the Slavic-Eurasian Research Center, Hokkaido University. (Sapporo, Japan)

**Zharken Aigul** — Doctor of Historical Sciences, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

#### EXECUTIVE EDITOR

**Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna** — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

#### ACADEMIC EDITOR

**Kapaeva Aizhan Tokanovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kubeyev Rustem Dzhaulbayuly** — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

#### TECHNICAL SECRETARY

**Burkhanov Bimurad Badritdinovich** — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kopeyeva Saniya Zhumataevna** — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

## ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan  
Asian Journal “Steppe Panorama”  
Has been issued as a journal since 2014  
ISSN 2710-3994.  
Vol. 13. Is. 1, pp. 125-138, 2026  
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20  
[https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2026\\_13\\_1\\_125-138](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2026_13_1_125-138)

## FORCED MIGRATION AND ETHNIC POLICY IN WESTERN BELARUS AND WESTERN UKRAINE IN THE 1940s

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna<sup>1</sup>, Bissembaiuly Miras<sup>2\*</sup>*

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University  
(71, Al-Farabi Ave., 050040 Almaty, Republic of Kazakhstan)  
Doctor of Historical Sciences, Professor  
 <https://orcid.org/0000-0002-6638-4663>. E-mail: [kokebayeva@gmail.com](mailto:kokebayeva@gmail.com)

<sup>2</sup>Al-Farabi Kazakh National University  
(71, Al-Farabi Ave., 050040 Almaty, Republic of Kazakhstan)  
3rd-year PhD student at the Al-Farabi Kazakh National University  
 <https://orcid.org/0009-0008-3743-0991>. E-mail: [bissembaiuly7776@mail.ru](mailto:bissembaiuly7776@mail.ru)  
\*Corresponding author

© Valihanov IHE, 2026  
© Kokebayeva G.K., Bissembaiuly M., 2026

**Abstract.** *Introduction.* The article analyzes the geopolitical events and waves of deportation that followed the partition of Poland and the incorporation of its territories into the Ukrainian and Belarusian republics. It examines the resettlement of former Polish residents to Kazakhstan, the hardships they experienced, and the history of their postwar return to their homeland from the Soviet Union, including from Kazakhstan. *Goals and objectives* are to identify the reasons for population transfers from Western Ukraine and Western Belarus, to assess the socio-economic conditions and political situation of special settlers, and to analyze the consequences and outcomes of the repatriation policy. *Results.* The Soviet Union employed forced resettlement both as a form of punishment and as a means of regulating the ethno-demographic situation, thereby integrating it into its national policy framework. *Conclusion.* The unresolved housing and employment issues, along with the lack of political and legal protection in areas of settlement, encouraged special settlers to seek a return to their homeland. The postwar policy of population exchange largely met the expectations of special settlers and facilitated their repatriation. Meanwhile, the political and legal status of those who remained in Kazakhstan began to improve only in the postwar period.

**Keywords:** Poland, Western Ukraine, Western Belarus, special settlers, deportation, repatriation, migration

**Acknowledgments.** This research has been funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant № AP2610190).

**For citation:** Kokebaeva G.K., Bissembaiuly M. Forced migration and ethnic policy in Western Belarus and Western Ukraine in the 1940s // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Vol. 13. No. 1. Pp. 125-138. (In Kaz.). DOI: [10.51943/2710-3994\\_2026\\_13\\_1\\_125-138](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2026_13_1_125-138)

## 1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАТЫС БЕЛАРУСЬ ПЕН БАТЫС УКРАИНАДАҒЫ МӘЖБҮРЛІ МИГРАЦИЯ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ САЯСАТ

Көкебаева Гүлжаухар Кәкенқызы<sup>1</sup>, Бисембайұлы Мирас<sup>2\*</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
(71-үй, Әл-Фараби даңғылы, 050040 Алматы, Қазақстан Республикасы)  
Тарих ғылымдарының докторы, профессор  
 <https://orcid.org/0000-0002-6638-4663>. E-mail: kokebayeva@gmail.com

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
(71-үй, Әл-Фараби даңғылы, 050040 Алматы, Қазақстан Республикасы)  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 3 курс докторанты  
 <https://orcid.org/0009-0008-3743-0991>. E-mail: bissembaiuly7776@mail.ru

\*Автор-корреспондент

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Көкебаева Г.К., Бисембайұлы М., 2026

**Аңдатпа.** *Kіріспе.* Мақалада Польшаның бөліске салынып, жерлері Украина мен Беларусь Республикасына қосылғаннан кейін орын алған геосаяси оқиғалар мен депортация толқындарын сараланды. Бұрынғы Польша тұрғындарының Қазақстанға күштеп жер аударылып, түрлі ауыртпалықтарды бастарынан кешіргені, Кеңес Одағынан, соның ішінде Қазақстаннан жер аударылғандардың соғыстан кейін Отандарына қайту тарихы талданды. *Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері* – Батыс Украина мен Батыс Беларусь Республикасынан халықтарды көшірудің себептерін анықтап, арнайы қоныс аударушылардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен саяси ахуалына баға беріп, репатриациялау саясатының салдары мен нәтижелерін айқындау. *Нәтижелер.* Кеңес Одағы күштеп көшіруді халықтарды жазалаудың формасы ретінде әрі этнодемографиялық ахуалды реттеу үшін пайдаланып, ұлттық саясаттың құрамдас бөлігіне айналдырды. *Қорытынды.* Арнайы қоныс аударушылар қоныстанған жерлерде пәтер мен жұмыс мәселелері шешілмегендіктен, әрі саяси құқықтары қорғалмағандықтан, Отандарына қайтуға тырысты. Соғыстан кейінгі халықтарды өзара алмастыру саясаты арнайы қоныс аударушылардың көңілдерінен шығып, Отандарына қайтты. Ал Қазақстанда қалып қойған тұрғындардың саяси-құқықтық ахуалы соғыстан кейін ғана түзеле бастайды.

**Түйін сөздер:** Польша, Батыс Украина, Батыс Беларусь, арнайы қоныс аударушылар, депортация, репатриация, миграция

**Алғыс.** Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылады (Грант AP26101905).

**Дәйексөз үшін:** Көкебаева Г.К., Бисембайұлы М. 1940 жылдардағы Батыс Беларусь пен Батыс Украинадағы мәжбүрлі миграция және этникалық саясат // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 1. 125-138 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2026\_13\_1\_125-138

## ВЫНУЖДЕННАЯ МИГРАЦИЯ И ЭТНИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА В ЗАПАДНОЙ БЕЛАРУСИ И ЗАПАДНОЙ УКРАИНЕ В 1940-х ГОДАХ

Көкебаева Гүлжаухар Какеновна<sup>1</sup>, Бисембайұлы Мирас<sup>2\*</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби  
(д. 71, просп. аль-Фараби, 050040 Алматы, Республика Казахстан)  
Доктор исторических наук, профессор  
 <https://orcid.org/0000-0002-6638-4663>. E-mail: kokebayeva@gmail.com

<sup>2</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби  
(д. 71, просп. аль-Фараби, 050040 Алматы, Республика Казахстан)  
Докторант 3 курса КазНУ им. Аль-Фараби  
 <https://orcid.org/0009-0008-3743-0991>. E-mail: bissembaiuly7776@mail.ru  
\*Автор-корреспондент

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2026  
© Кокебаева Г.К., Бисембайулы М., 2026

**Аннотация.** *Введение.* В статье анализируются геополитические события и волны депортаций, произошедшие после раздела Польши и присоединения ее территорий к Украине и Республике Беларусь. Рассматривается переселение бывших жителей Польши в Казахстан, трудности, с которыми они столкнулись, а также история их возвращения на родину из Советского Союза, в том числе с территории Казахстана, в послевоенный период. *Цель и задачи исследования* заключаются в выявлении причин переселения населения из Западной Украины и Западной Беларуси, оценке социально-экономического положения и политической ситуации специальных переселенцев, а также в анализе последствий и результатов политики репатриации. *Результаты.* Советский Союз использовал принудительное переселение как форму наказания народов и средство регулирования этнодемографической ситуации, превратив его в составную часть национальной политики. *Выводы.* В местах расселения специальных переселенцев нерешенность жилищных и трудовых вопросов, а также отсутствие политико-правовой защищенности способствовали их стремлению вернуться на родину. Политика послевоенного взаимного обмена населением в целом отвечала ожиданиям специальных переселенцев и способствовала их возвращению. В то же время политико-правовое положение тех, кто остался в Казахстане, начало улучшаться лишь в послевоенный период.

**Ключевые слова:** Польша, Западная Украина, Западная Беларусь, спецпереселенцы, депортация, репатриация, миграция

**Благодарность.** Данное исследование финансируется Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (Грант AP26101905).

**Для цитирования:** Кокебаева Г.К., Бисембайулы М. Принудительная миграция и этническая политика в Западной Беларуси и Западной Украине в 1940-е годы // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 1. С. 125-138. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2026\_13\_1\_125-138

### Кіріспе

1939 жылы 23 тамызда атышулы «Риббентроп-Молотов келісімі» деген атаумен қалған бір-біріне шабуыл жасаспау туралы келісімшартқа қол қойылады. Ол бойынша Шығыс Еуропа, оның ішінде Польша Германия мен Кеңес Одағы тарапынан бөлініске салынған. Польшаның бөлінуі нәтижесінде Кеңес Одағының құрамына Станиславовское, Тернополь, Львов, Полесье, Волынь, Вильнюс, Белосток және Новогруд деген сол кездегі Польшаның 16 воеводстваның 8-і кірді. Аталған елді мекендер Беларусь Кеңестік Социалистік Республикасының және Украина Кеңестік Социалистік Республикасының құрамына кірді. Вилейка, Барановичи, Белосток, Брест және Пинск қазіргі Беларусьтің, ал Волынь, Ровненское, Львов, Дрогобыч, Станислав және Тернополь Украинаның батыс аймақтарын құрады. Польшаның кейбір жерлері, соның ішінде Львов өлкесі Литваға қосылды (Борисова, Легкий, 2022: 149).

1939 жылы 1 қыркүйекте Германия Польшаға басып кіреді. Кеңес Одағы 1939 жылы 17 қыркүйекте Польшаның Шығысына әскер енгізіп, сол өңірлерді қосып алды. В.Молотов «Польша үкіметі жойылды, әскерлер жоқ, ел билігі қарапайым халықты тастап кетті, украин және белорус халқын қорғайтын билік жоқ» деп мәлімдеп, украин және белорус халқы көп қоныстанған аймақтарды кеңес билігі қосып алатындығы жөнінде мәлімдеме жариялады (Documents, 1961: 48).

Кеңес Одағы белорустар мен украиндарды «поляк капиталистері мен жер иелерінің құлдық қамытынан қорғап жатырмыз» деп мәлімдеді. Егер бұл үгіт-насихат ұран шынымен шындықты білдірсе, Кеңес үкіметі этникалық украиндар қоныстанған бүкіл аумақты Украина Кеңестік Социалистік Республикасына қосуды талап етуі керек еді, бірақ олар Сан мен Попрэд өзендерінің арасындағы аймақты неміс билігінің астына қалдырудан тартынбады. Германиямен жасасқан достастық және бір-біріне шабуыл жасаспау туралы келісімшартқа қарамастан, кеңес билігі Молотов сызығы деп аталатын темір бетоннан жасалған бекіністер желісін тез арада сала бастайды (Mag. Bart, 2008:25). Демек, басынан бастап-ақ Кеңес Одағы Германиямен жасасқан келісімі ұзақ уақыт бойы бейбітшілік пен достастықтың кепілі болатынына күмән келтірген.

1939 жылғы 28 қыркүйектегі Кеңес-Герман келісіміне сәйкес, Кеңес Одағы Польша үшінші рет бөліске түскендегі жерлерді ғана алып қоймай, онымен қоса 1807 жылы аннексияланған Белостокты және Шығыс Галицияны (Тарнополь аймағын санамағанда) қоса алды. Львовта 26-27 қазанда және Белостокта 28-29 қазанда Ұлттық жиналыс өтіп, нәтижесінде бұл аймақтар Украина Кеңестік Социалистік Республикасы мен Белорусь Кеңестік Социалистік Республикасына қосылды (Budurowycz, 1963: 186).

Жаулап алынған жерлерде 1939 жылы 1 және 2 қарашада қызыл әскер сайлау өткізіп, ақыры бұл жерлер Беларусь пен Украинаға қосылды. Кеңес билігі бұл жерлерде осы уақыттан бастап Батыс Беларусь және Батыс Украина деп атай бастайды (Laloy, 1988: 46).

Аталған геосаяси өзгерістер осы өңірде өмір сүрген халықтардың мәжбүрлі түрде көшірілуіне, Шығыс Еуропада этнодемографиялық және әлеуметтік құрылымның түбегейлі өзгеруіне алып келді. Бұл оқиғалар жүз мыңдаған адамның тағдырына әсер еткеніне қарамастан, отандық тарихнамада бұл үдерістердің Қазақстандағы салдары мен бұрынғы Польша Республикасының әлеуметтік жағдайы кешенді түрде зерттелмеген. Әсіресе, зерттеушілер бұрынғы Польша тұрғындарын атағанда, олардың қазіргі Батыс Беларусь пен Батыс Украинадан келгендігін баса көрсетпейді.

Зерттеу жұмысының негізгі гипотезасы – Кеңес Одағы жүргізген этникалық және көші-қон саясатының нәтижесінде қазіргі Батыс Беларусь пен Батыс Украина тұрғындарының еріксіз түрде қоныстандырылып, олардың құқықтық және әлеуметтік жағдайының шектеліп, арнайы қоныстанушылардың арасында наразылықтың туындауына және соғыстан кейінгі бұл халықтардың өз елдеріне қайтып, тарихи тағдырын айқындаған шешуші факторға айналды.

### **Материалдар мен зерттеу әдістері**

Арнайы қоныстанушылардың Қазақстандағы өмірі мен саяси-құқықтық жағдайы туралы ақпараттар Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінен және Қарағанды облысының Мемлекеттік архивінен алынды. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің «Батыс Украинадан арнайы қоныс аударушыларды орналастыру туралы» қаулысы жинақталған қорында (ҚОМА. 237-қ., 1-т., 27-іс) және Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы қоныс аудару департаменті туралы қорында (ҚР ОМА. 1208-қ., 1-т., 82-іс) арнайы қоныс аударушыларды қалайша қабылдау керектігі жөнінде нұсқаулар мен орын алған қарама-қайшылықтар егжей-тегжейлі жазылды. 1936-1956 жылдар аралығын қамтитын Қазақстандағы поляк халқының тарихы туралы Президент архиві жариялаған жинақ (Дегитаева, 2000) пен Қарағанды облысының мемлекеттік архивінің арнайы қоныстанушылар туралы жинағы Кеңес Одағының батыс аймақтарынан келген халықтардың қоныстану тарихын ғана емес, олардың қоғамдық жұмыспен айналысып, саяси қысымға ұшырағаны жайында құнды ақпараттармен бөліседі. Қарағанды облысы мемлекеттік архивінде Польша мен Кеңес Одағына қарсы күрескен Украина Ұлтшылдар Ұйымының Қарағандыға көшіріліп, қоғамдық өмірге араласқандығы хақында маңызды ақпарат бар (Амантаев, 2002). Ақмола облысы мемлекеттік архиві жариялаған жинақта кеңес билігінің арнайы қоныс аударушыларды қабылдап, қоғамдық маңызды қызметке араластыруға бағытталған қаулылары талданады (Книга памяти, 2019). Отандық зерттеушілер Көкебаева мен Сманова архив материалдарының негізінде Қазақстанға тағдыр айдап келген Польша

Республикасының тұрғындарының саны мен қоныстануы жайлы мағлұматпен бөліседі (Көкебаева, Сманова, 2012).

Беларусь және Украинаның батыс өңірлерінен халықтарды көшіру, арнайы қоныстанушылардың халі, көші-қон туралы естеліктері сынды құнды ақпараттар Гросс (Gross, 1988), Халавац (Halavach, 2024), Кочански (Kochanski, 2012), Статиев (Statiev, 2010) сияқты шетелдік ғалымдардың монографияларынан алынды. Статиев әміршіл-әкімшіл басқару жүйесіне негізделген кеңестік режимнің қыр-сырына тоқталса, Халавац репатриациялау туралы бұрын көпшілік еңбектерге арқау болмаған тақырыптың ақтаңдақтарын толтыруға тырысты. Гросс белгілі төрт депортация толқыны жайында егжей-тегжейлі тоқталып, арнайы қоныстанушылардың бағалы естеліктерімен бөлісті.

Депортация толқындары бірнеше кезеңнен тұрғандықтан, хронологиялық-тақырыптық қағидаты зерттеуге негіз болды. Украин және белорус халықтарын күштеп көшіру және Отандарына қайтарған кезде салыстыру әдісі пайдаланылды. Көші-қон негізінен Батыс Беларусь пен Батыс Украинадан орын алғандықтан, қоныстану бағыттарын анықтау үшін тарихи-географиялық әдіс қолданылды.

### **Талқылау**

Батыс Беларусь пен Батыс Украинадан келген арнайы қоныстанушылардың Кеңестік Қазақстанға күштеп көшірілуі шетелдік және отандық тарихнамада ішінара қарастырылған. Польша азаматтарының Кеңес Одағындағы тағдыры мен күштеп көшіру үдерістерін Жоллак К. (Jolluck, 2002), Гросс Я.Т. (Gross, 1988), Сворд К. (Sword, 1994) еңбектерінде кеңінен талдаған. Аталған авторлар депортацияны кеңестік ұлттық саясат пен қауіпсіздік стратегиясының құрамдас бөлігі ретінде сипаттайды. Ал Батыс Украина мен Батыс Беларусьтен күштеп көшірілген халықтардың әлеуметтік бейімделуі мен құқықтық жағдайы Статиев А. (Statiev, 2010), Полян П. (Polian, 2003) зерттеулерінде қарастырылады. Кеңес үкіметінің этникалық саясатын Полян П. (Polian, 2003) «этникалық инженерия» саясаты аясында қарастырса, Ал Статиев А. (Statiev, 2010) кеңес билігінің ұлттық саясатындағы билік пен халық арасындағы қарым-қатынасына назар аударады.

Дегенмен, аталған еңбектерде Қазақстан аумағы қабылдаушы аймақ ретінде қарастырылмай, жанама түрде ғана аталады. Бұл мақалада жоғарыда аталған зерттеулерден өзгеше, Қазақстанға қоныс аударылған бұрынғы Польша азаматтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен құқықтық мәртебесі нақты архивтік деректер негізінде талданады. Онымен қоса, көші-қон толқындарының жергілікті этнодемографиялық ахуалға әсері және соғыстан кейін орын алған репатриация саясатының себеп-салдары талқыланады.

Кеңес Одағы қосып алған аймақтағы поляктардың сандық үлесін азайту үшін алыс аудандарға көшіріп, Украина мен Беларусь Республикаларындағы этнодемографиялық ахуалды реттеуге тырысты. Ішкі Істер Халық Комиссариаты бұл халықтарды «арнайы қоныстанушылар» деп атап, оларды елді мекендерден алыс, 100-500 отбасынан тұратын арнайы қоныстарға жіберуді бұйырды. Олардың саяси мәртебесі 1930-1931 жылдары ұжымдастыру науқаны аясында мәжбүрлеп көшірілген кеңестік шаруалардың және кулактардың мәртебесімен парапар болды (Jolluck, 2002: 14).

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, арнайы қоныстанушылардың құқықтық шектеулері, тұрғын үй мен еңбек мәселелерінің шешілмеуі бұрынғы Польша азаматтарының Отандарына қайтуға деген ұмтылысын күшейтті. Қазақстан мен Кеңестік Ресейдің шалғай аудандарына арнайы қоныстанушыларының бейімделуі қиындыққа ұшырады. Алынған деректер күштеп көшірудің тек қауіпсіздік шарасы емес, этнодемографиялық саясаттың бір бөлігі болғанын көрсетеді.

### **Нәтижелер**

1939 жылы 5 желтоқсанда Кеңес Халық Комиссарлар Кеңесі аталған аймақтардан халықтарды күштеп көшіру туралы қаулы қабылдады. Батыс Беларусь Республикасында П.Цанава депортация операцияларын басқарса, И.Серов Батыс Украинада тиісті лауазымға

тағайындалды. Берияның көмекшісі Всеволод Меркулов күштеп көшіру ісін өзі бақылап, басқарды. Батыс Украина мен Батыс Беларусь елдері аумағынан 4 мәрте халықтарды күштеп көшірген. Біріншісі 1940 жылдың 10 ақпанында, екіншісі 1940 жылдың 13 сәуірінде, үшіншісі 1940 жылдың маусым айының соңғы аптасында, ал соңғысы 1941 жылдың маусым айының екінші жартысында болды. Әрбір көші-қон кезінде шамамен 125 мың адам көшірілген, тек соңғы толқын кезінде контингент 60 мың мен 80 мыңның арасында болған (Gross, 1988: 192).

Бұл тұрғындар тек Сібір мен Кеңес Одағының басқа шалғай аудандарына ғана емес, Қазақстанға да қоныс аударылды. 1940 жылы 20 наурызда Лаврентия Берия Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасына 100 мыңға жуық адамды қоныстандыру туралы қаулы қабылдайды.

1940 жылғы 7 наурыздағы ПХК мәліметі бойынша 8486 адам концентрациялық лагерлерде, 4701 адам түрмелерде отырған. 3150 адам қашып кеткен екен. Олардың ішінде 36521 поляк, 7216 белорус, 6600 украин және 2325 еврейлер болды (Janicki, 2007: 53).

Поляк офицерлері 1940 жылдың 13 сәуірінде көшірілді. Олардың ішінде украиндар мен белорустардың болуы ықтимал. Солтүстік Қазақстан облысына Батыс Украина мен Батыс Беларусь жерлерінен 28 мың бұрынғы Польшаның тұрғындары келді. 1940 жылдың 25 қыркүйегіндегі мәлімет бойынша Павлодар облысына 11 201 жер аударылғандар орналастырылды (Көкебаева, Сманова, 2012: 47).

1940 жылы желтоқсанда Батыс Украинадан 17206 отбасы немесе 89062 адам жер аударылды, оның ішінде Тернополь облысынан 6158 отбасы немесе 31 640 адам, Станиславовскоедан 1810 отбасы немесе 9083 адам, Львовтан 4 043 отбасы немесе 20 966 адам, Волиннан 1613 отбасы немесе 18858 адам, Дрогобычкадан 1990 отбасы немесе 10 593 адам, Ровненская облысынан 1601 отбасы немесе 7922 адам жер аударды (Трофимович, 2011: 270).

Батыс Беларусьтен 1939-1941 жылдары кемінде 170 мың адам депортацияланды (Корбут, 2019).

Көпшілік жұрт Кеңестік Қазақстанға көшіріліп, оларды орналастыру міндеті кеңестік органдарға жүктелді. Қазақ КСР ХКК көші-қон бөлімінің басшысы жолдас Донцовтың Қазақ КСР ХКК төрағасы жолдас Ондасыновқа жазған хатында 1940 жылы Қазақстанға 4 түрлі арнайы қоныстанушылар келіп жатқандығын хабарлады:

- 1) Бастамашыл(инициатор), яғни өздері көшуді талап еткендер;
- 2) Жоспарлы түрде көшіріліп жатқандар;
- 3) Өз қаражатына көшіп келе жатқан арнайы қоныстанушылар;
- 4) Облыс арасында көшіп жатқан арнайы қоныстанушылар;

1940 жылы мамырдың 10-да 1079 ұжымшарлар 10699 арнайы қоныстанушыларды өз қаражаттарына қабылдауға дайындығын білдірді. Алматы облысына 1300, ал Оңтүстік Қазақстан облысына 1313 шаруа қожалықтары қоныстандырылды (ҚР ОМА. 1208-қ., 1-т., 82-іс, 51 п).

Ұжымшар басшылары, облыстық және аудандық комитеттердің басшыларының бұл іске деген салғырттығы байқалды. Бұл істі көші-қон басқармасына жүктеп қоятындардың және жаңа арнайы қоныс аударушылардан бас тартатындардың қарасы көбейді. Кей жағдайларда аудандық кеңестер қабылдай алатын шаруалардың санын арттырып көрсететін. Мысалы, Жамбыл облысындағы Көктерек ауданындағы ұжымшарлар 128 шаруаны қабылдауға дайындығын білдірсе де, шын мәнінде, оларды қабылдайтын ешқандай да мұршасы жоқ екен. Красногорск ауданында 100 шаруашылықты қабылдай алатындығы айтылса да, кейін аудандық кеңес зерттей келе тек 10 шаруашылықты қабылдай алатындығын жеткізген (ҚР ОМА. 1208-қ., 1-т., 82-іс, 53 п).

10699 арнайы қоныс аударушыларға арнап 5439 үй бөлініп, 2212 үйде жөндеу жұмыстары жасалды. Ұжымшарлар 5260 жаңа үй салуға міндеттелді. Жоспарлы көші-қон барысында 25900 арнайы шаруалардың отбасылары қоныстануы жоспарланып, оның 6053-і ғана әзірше қоныстанған. Павлодарға 1369, ал Солтүстік Қазақстанға 1159 арнайы қоныстанушылар келген (ҚР ОМА. 1208-қ., 1-т., 82-іс, 54-55 пп).

1940 жылы барлығы арнайы қоныстанушыларға арнап 25900 үй салу жоспарланып, оның 14309-ы қоныстануға дайын болды. 8302 үй салынып, 3727 үй жөнделіп, 2280 үй сатып алынды. 12552 үйге арнайы қоныстанушылар қоныстанды. Ең көп үйлер Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Павлодар және Семей облыстарында салынды. Салынған үйлердің саны 13421-ге жетті. Алайда, жоспар бойынша үйлер саны 25000 болу керек еді. Үйлердің тек жартысынан астамы ғана салынған.

1940 жылы жоспар бойынша елге 25900 арнайы қоныстанушылардың шаруашылығы келу керек еді. 13344 шаруашылық қана келген. Барлығы 1472 ұжымшарға, 87 ауданға қоныстанған (ҚР ОМА. 1208-қ., 1-т., 87-іс, 22 п).

Қазақстанға бұрынғы Польша тұрғындарына көшуге рұқсат етілген. Еңбекшілердің облыстық депутаттар кеңесінің атқару комитетіне өтініш жазып, Қазақстанға басқа аймақтардан көшуге рұқсат сұрауға жол берілді (ҚР ОМА. 1208-қ., 1-т., 137-іс, 8 п).

Украинаның тек батысынан ғана емес, солтүстік-шығыстан және оңтүстік-шығыстан да Қазақстанға көшуге құлшыныс танытқандар да көбейді. Яғни, көші-қон бұл уақытта тек мәжбүрлі ғана емес, ерікті түрде де жүргізілген. 1940 жылы 16 мамырда Украинаның Сумской облысынан Скоркина Н.И. атты жұмысшы Қазақстанға көшуге ықылас танытып, хатында Алматының ауа-райы, экономикалық жағдайы жайында бірнеше сұрақтар қойған:

- 1) Жоспардан тыс қоныстануға бола ма және арнайы қоныстанушылар қандай жеңілдіктерге ие болады?
- 2) Қай облыстарға көші-қон жүргізіледі және Алматы облысына қоныстану жүргізіле ме?
- 3) Украинаның климатына ұқсас облыстар бар ма және қандай дәнді-дақылдар өсіріледі?
- 4) Бау-бақша және бал өндірісімен айналысуға бола ма?
- 5) Қоныстанушылар бар ұжымшарларға орналаса ма әлде жаңа ұжымшар құрай ма?
- 6) Егер жаңа ұжымшарға орналастырса, үй жабдықтармен және астықпен қалайша қамтамасыз етеді?

Бұдан Украина азаматының Қазақстанға расымен де көшуге ниетті екенін, бірақ ол жерде болмағандықтан көңілі күпті болғандығын аңғаруға болады (ҚР ОМА. 1208-қ., 1-т., 137-іс, 9 п).

Василий Кузмич деген ұжымшар мүшесі 1940 жылы 8 маусымда Запорожье облысынан Солтүстік Қазақстанға көшуге ниет білдірген. Климаттық жағдайлардың күрт өзгеруін себеп қылып, Қазақстаннан орын тапқысы келді (ҚР ОМА. 1208-қ., 1-т., 137-іс, 59 п).

1940 жылы 6 қарашада Ақмола Орталық Комитетінің хатшысы Алексинцев пен Ақмола облысы ПХК басшысының орынбасары мемлекеттік қауіпсіздік лейтенанты Каяшевтың жазған директивті хатына сәйкес, Ақмола облысындағы кеңшарлар мен ұжымшарларда Батыс Беларусь және Батыс Украинадан келгендерде пәтерлер жоқ. Есіл ауданындағы бірінші фермада бір бөлмеде 25 адам өмір сүрді. Тура осындай жағдай Макинск ауданындағы Балкашинск және Қалмакөл кеңшарында орын алған. Оларға екі ай бойы айлық берілмеген. Аталған кемшіліктердің орнын толтыру үшін оларды азық-түлікпен, сабынбен, керосинмен және тағы да басқа керек-жарақтармен қамтамасыз ету бұйрылды (Книга, 2019: 83-84 бб.).

Арнайы қоныс аударушыларды қабылдау және жұмысқа орналастыру оңайға соқпаған. Арнайы қоныстанушыларды қабылдауды ұйымдастырудағы қателіктер Ақмола облысындағы Мәскеу ауданында орын алды. 128 адам стансада 3 күн бойы тұрып, аудандық кеңестің қызметкерлерін күте алмай, өз қаражаттарына ұжымшар іздеуге мәжбүр болған (ҚР ОМА. 1208-қ., 1-т., 82-іс, 56 п). Жамбыл облысындағы Сталин атындағы ұжымшарда арнайы қоныстанушыларда қабылдаған күні ұжымшар шаруалары тойлап, мас күйде күнін өткізді. Соны көрген шаруалардың көбісі ұжымшардан кетіп қалған. Свердлов ауданындағы «Красная Заря» ұжымшарында арнайы қоныстанушылар келген 2-күні арық қазуға міндеттеп қойды. Олар әлі ұжымшарға орналасып үлгермеген еді. Соған шыдамай 10 шаруа қожалықтары ұжымшардан кетіп қалған (ҚР ОМА. 1208-қ., 1-т., 82-іс, 57 п).

Донцов арнайы қоныс аударушылар туралы берген есебінде мынадай маңызды ақпараттар, нұсқаулар мен ескертпелерді жеткізді:

1) Өз еркімен және өз қаражатына келгендердің саны 8000 астам. Солтүстік Қазақстанға 2500, Ақмола облысына 2500, Қостанай облысына 2600, Семей облысына 367 отбасы қоныс аударылды;

2) Облыс арасында 2700 шаруа қожалықтары қоныстандырылды. Оларға 2700 тұрғын үй және 89 шаруашылық-өндірістік нысаналар салынуы тиіс. Ол үшін 28163 куб метр орман материалдары, 67900 мың дана саман кірпіш, 13000 күйдірілген кірпіш, 11000 тонна отын дайындау керек;

3) Елге барлығы 14320 отбасы келді. Облыс арасында 1400 отбасылар қоныс аударғанын ескерсек, барлығы 15720 адам қоныс аударды. Солтүстік Қазақстанға 3659, Қостанайға 3599, Ақмолаға 3179 шаруа қожалықтары қоныстандырылды. Барлық облыстардың ішінен Батыс Қазақстанға көшірілгендердің саны ең аз болды. Олардың саны тек 200-ге жеткен (ҚР ОМА. 1208-қ., 1-т., 82-іс, 61-62 пп). Донцовтың берген ақпаратында қоныстанушылардың саны берілген. Бірақ олардың бәрі поляктар деп ойлаған дұрыс емес. Ол берген есепте Қазақстанға көшірілген барлық арнайы қоныстанушыларды қосып есептеген. Сондықтан бұл қоныстанушылардың қаншасы украин, белорус және поляк болғандығын анықтауға болмас.

Арнайы қоныс аударушылардың мүшкіл әлеуметтік ахуалы мен олардың құқықтарының тапталғандығы жөнінде мәліметтер баршылық. Көшіп келген шаруаларды жергілікті халық жалқау, қашқын, арамтамақ деп кемсітетін. Арнайы қоныс аударушыларды өз үйлерінен қуып жіберген жайттар жиі кездескен. Арнайы қоныс аударушылардың істерін, арыздары мен өтініштерін ауданда тек техникалық хатшы мен экономист қарайды екен. Осылайша, көші-қон ісіне немқұрайлылық орын алған (ҚР ОМА. 1208-қ., 1-т., 82-іс, 153-154 пп).

1940 жылдың 27 қыркүйегіндегі мәліметтерге сәйкес, Шығыс Қазақстан облысында 133 жаңа үй салынып, 312 үй салынып жатты. Қоныс аударушылардың тек 70 пайызы үйлермен қамтамасыз етілді. Аз қоныстандырылған аудандарға тағы да 1332 шаруа қожалықтары қоныстандырылу көзделді (ҚР ОМА. 1208-қ., 1-т., 82-іс, 155 п).

1940 жылдың 27 қыркүйегіндегі мәліметтерге сәйкес, 41 шаруа қожалықтары Шығыс Қазақстан облысындағы аудандық атқару комитеттері мен аудандық комсомолдың кесірінен ұжымшарлардан кетіп қалған. Қоныс аударушылардың шаруашылық құрылымына және қажеттіліктеріне тиісті қамқорлық көрсетпеді (ҚР ОМА. 1208-қ., 1-т., 82-іс, 156 п).

Қостанай облысы, Қарасу ауданындағы Фрунзе ұжымшарындағы шаруаларға мал алуға мемлекет тарапынан жәрдемақы және 300 рубль берілмеген. Сол себепті ұжымшар мүшелері арыз жазған (ҚР ОМА. 1208-қ., 1-т., 89-іс, 16 п).

Беларусь елінен Қостанай облысындағы Орджоникидзе ауданындағы Красин ұжымшар мүшелері Алматы облысына көшірулерін сұрады. Солтүстік Қазақстанның суығына олар шыдай алмаған. Оларға ешқандай май, картоп жетіспеген. Әр шаруаға 600 грамм нан паегі берілген. Үйде жылудың жоқтығын айтып, астық жетіспей, көбісі үсіп қиналып жатқанын білдірген (ҚР ОМА. 1208-қ., 1-т., 89-іс, 29 п).

1941 жылы 13 мамырда Қостанай облысы Пресногорьков ауданындағы Красный летчик ұжымшарының мүшесі Василенко Петр Корнеевич Қазақ КП(б)К хатшысына арнайы қоныстанушыларға қатысты жасалып жатқан әділетсіздікті баяндайды:

1) Украинадан келген арнайы қоныстанушыларға жергілікті халық түсіністікпен қарамайды;

2) Үй салуға банк несие бермейді, 400 гектар астықты малға беріп, астықты жұртқа бермейді;

Одан кейін арыз жазушы үй салуға несие бергенін талап етіп, осындай әділетсіздіктің алдын алуын өтінген (ҚР ОМА. 1208-қ., 1-т., 89-іс, 51 п).

Одан басқа арнайы қоныстанушылар түрлі ауруларға да шалдықты. 1941 жылғы 28 мамырдағы Украина мен Беларусь Республикасының батыс облыстарынан келген арнайы қоныстанушылардың әлеуметтік жағдайы мен тұрмысы жайында Ақмола облысы Калинин ауданындағы ІІХК аудандық бөлімшесінің бастығы В. Колесовтың ақпараттық хат қалдырған. Онда арнайы қоныстанушылардың ішінде жұмысқа жарамды 131 адамның тек 66-сы жұмыс жасап, ал 88 жастардың тек 27-сі ғана оқып жүргенін жазып, бұның бәрі арнайы

қоныстанушылардың арасында қыркұлақ ауруының таралуына байланысты орын алғанын мәлімдеді (Дегитаева, 2000: 116).

Осындай көрген қорлығын тәптіштеп суреттеген арнайы қоныстанушылардың тарихи мемуарлары бар. Мысалы, Ұлыбританияда екі алғашқы буын поляк мигранттарының отбасында дүниеге келген Кася(Катя) өзінің сұхбатында ата-анасының өмір тарихын жақсы білетінін, анасының басынан өткен оқиғаларды егжей-тегжейлі баяндайтынын көрсетті. Оның айтуынша, ата-анасы қазіргі Беларусьтен Сібірге келді, онда олардың ешқашан тойып тамақтанбағаны және сорпа жасау үшін картоп қабығын жинайтыны туралы әңгімелер көп болды. Автордың айтуынша, оларды «егер сен біздің көрген азабымызды бастан кешірсең, кешкі асынды жейтін едің» деген ұстаныммен тәрбиелеген. (Burrell, 2006: 156).

Күштеп көшірілген қауымның ішінде өз естеліктерін қалдыра алғандар көп болған. Олардың бірі Вера Скиба 1940 жылы Батыс Беларусьтен ата-анасымен күштеп көшірілген кезде жап-жас бала болатын. Депортация басталардан бұрын әкесін Архангельск облысындағы Шенкурск маңындағы ормандарға жіберген. Анасы екі қызы Валя мен Иренамен бірге жалаң аяқ жүріп, Вераны көтеріп тасыған. Жол бойында біреулер оларға киіз етіктер берген. Көші-қон нәтижесінде Валя қайтыс болды. Әкелері де шамамен сол уақытта өмірден өткен. Кейін билік Вера мен Иренаны балалар үйіне берген (Frierson, Vilenskii, 2010: 252).

Күштеп көшірілген қауымның тағдыры аянышты еді. Бір арнайы қоныстанушының естелігі бойынша, отбасымен жұмысқа орналасуға тырысты. Ұжымшардан жұмыс табуға үміттенген отбасы, тауы шағылып, егістікте жұмыс істей бастады. Еңбекақысы ретінде нан, сорпа, сүт берілетін. Балалар аптасына тек бір рет сүт ішетін. Кейін жұмыс жоқ екендігін естіген соң, отбасымен Белостокқа билет алып, атамекендеріне қайта алған. Бұл арнайы қоныстанушылардың мезгілінде Отандарына қайта алған санаулы тарихи сәттердің бірі ғана еді (Gross, 1988: 192).

Басқа арнайы қоныстанушының айтуынша, ол 1940 жылы сәуірде анасы, ағасы және әпкесімен бірге Қазақстанға келген. Оларға жер аударудың ешқандай себебі айтылмады. Бір күні есік алдында қарулы күзет пайда болды, содан кейін тұрғындар тез арада тұрғылықты жерлерінен кетуге мәжбүр болды (Gross, 1988: 193).

Кеңес Одағындағы бұрынғы Польша тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайы ауыр болды. Ұжымшар және зауыт басшыларының салғырттығы мен немқұрайлылығы, жергілікті орындардың ұйымдастыру қабілеттерінің төмендігі, пәтер мен жұмыс мәселесінің шешілмеуі, азық-түлік тапшылығы – бұлардың бәрі арнайы қоныс аударушылардың арасында елге қайтуға деген ұмтылысты күшейтті. Осы кезеңде, 1944 жылы 9 қыркүйекте, Польша Республикасы Уақытша Үкіметінің премьер-министрі Осубка-Моравский және Украинаның КСР Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Никита Хрущев халықтарды өзара алмастыру жөнінде жарлыққа қол қоюы арнайы қоныс аударушылардың тілектеріне белгілі бір дәрежеде жауап болды. Курзон сызығының шығыс жағындағы поляктар Польша жеріне көшірілсе, Польшадағы украин және белорустар Кеңес Одағына көшірілді. 1945 жылы Украинадан 511877 поляк, Беларусь Республикасынан 135654 поляк, Литвадан 73042 поляк, Сібір және Қазақстаннан 22058 поляк қоныстанады (Kochanski, 2012: 545).

Кеңес билігі католиктердің бәрін поляк деп білетін. Сондықтан Польшада қалғысы келетін украин мен белорустар жалған неке қиып немесе католик дінін қабылдағандай болып Польшада қалуға тырысатын (Halavach, 2024: 742).

1945 жылы 720573 поляк Литва, Беларусь және Украинадан көшірілді. 73042 адам Литвадан, 135654 адам Беларусь, ал 511877 адам Украинадан келді (Sword, 1994: 183). Репатриацияға тіркеу комиссиясы поляк азаматтығын 273321 адам алатынын анықтады. 1945 жылы 8 маусымда Репатриациялық Бюро елде 750 мың поляк эмигранттары бар деген деректі келтірді. Кейін бұл көрсеткіш 248 мыңға дейін түсірілді. Елге қайтуға ынтызарлық танытқан поляктардың сол кезде 107249-ы Ресейде, 63933-ы Қазақстанда, 30 862-і Украинада,

29574-і Өзбекстанда, 11387-і Қырғызстанда, 4 мыңы Тәжікстанда, 940-ы Түрікменстанда, 200-і Грузияда өмір сүрген болатын (Sword, 1994: 187).

1946 жылы Павлодар облысындағы комиссия Одинец Янина Антоновнаға белорус болғандықтан, Савлук Евдокия Николаевнаға украин болғандықтан, ал Матейчук София Александровнаға орыс болғандықтан, Польшаға қайтуға рұқсат бермеді (Кубик, 2023: 100). Екінші және үшінші эшелонмен қайтқандар көлік жетіспегендіктен екі күн бойы Ертіс өзені жағалауында ашық аспан астында түнеген. 100 адамға арналған ғимаратқа 200 адамды орналастырған. 50 адам аулада түнеген. 400 адамға арналған басқа ғимаратқа 730 адамды сыйғыздырды. Сол жерде орналастырған үшін 2 рубльден 100 рубльге дейін ақы алған (Кубик, 2023: 105). Отанға кеңес билігінің көмегі арқасында 6052 поляк қайта алған (Кубик, 2023: 106).

1944 жылдың 9 қазанындағы жазалау органдарының бұйрығымен Украин Ұлтшылдар Ұйымының мүшелерінің отбасыларына қарсы қуғын-сүргінді күшейтіп, елдің шалғай аудандарына жер аударту жоспарланды. Батыс Беларусь пен Украинада күштеп қоныс аударуға қарсылық танытқандар көп болды. Қарсылықтың тамырына балта шабу үшін 1945 жылдың желтоқсанында және 1946 жылдың қаңтар айының бірінші жартысында Кеңес Одағының батыс облыстарында Украина Көтерілісшілер Армиясы мен Украин Ұлтшылдар Ұйымының 154 топтары таратылды. Елдегі бүлікті жою үшін 6277 әскери-барлаушы операциялар жүргізілді, 3670 қатысушы қамауға алынды, 2374 адам өлтірілді (Бугай, 1992: 183).

1945 жылдың 15 сәуіріне дейін тек Львов облысынан Қарағандыға 2635 адам жер аударылды. 1945 жылы 6959 адам, ал 1947 жылы 36952 адам жер аударылды. Польшада билікке жеткен үкімет украин партизандарын тапқаннан кейін, оларды тездетіп жер аударуға тырысты. Егерде бір партизан бір шаруаға шабуыл жасаса, билік оны тауып, бар отбасымен аударып жіберетін. Бірақ Украина Көтерілісшілер Армиясына ешқандай да қатысы жоқ тұрғындар да депортацияға ілінген. Белгілі бір квотаны орындау үшін жазықсыз тұрғындарды вагондарға тиіп, күштеп көшірген. Кейбір украиндарды қызыл армияға қызмет еткен үшін ғана күштеп көшіргені де расталды. Осылайша, күдікті болып көрінгендердің бәрін жер аудары берген. 1947 жылдың тамыз айына қарай 140600 украиндар Польшадан Украинаға қоныс аударылды (Statiev, 2010: 182).

1947 жылы 10 қыркүйекте КСРО Министрлер Кеңесі Украинаның батысынан Қарағанды, Архангельск, Вологда, Кемерово, Киров, Молотов, Свердловск, Тюмень, Челябинск және Читаға Украина Көтерілісшілер Армиясын депортациялау туралы жарлыққа қол қояды (Сергийчук, 2017). Батыс Украинадан Украинаның Ұлтшылдар Ұйымынан 100 мың кісі Қазақстанға қоныстандырылды (Амантаев, 2002: 4). Арнайы жер аударылғандардың ішінен Батыс Украинадан келгендер қоғамдық жұмыспен айналыспай, жұмыстан қашқандар баршылық еді. Олардың көбісі Украинаның Ұлтшылдар Ұйымында болған, антикеңестік үгіт-насихат жүргізген (Зберовская, 2014: 253). Әрине, кейбір арнайы қоныстанушылардың ашық қарсылық көрсетуі заңдылық. Бірақ көшірілген жұрттың көбісі заңға бағынып, ұжымшарлар мен зауыттарда жұмыс істеді. Олардың көпшілік зауыттар мен комбинаттарда, соның ішінде 1947 жылы Қарағанды көмір комбинатында Батыс Украинадан келген 355 арнайы қоныстанушылар жұмыс істегені туралы дерек бар (ҚОМА. 237-қ., 1-т., 26-іс, 19 п).

Зерттеушілердің назарына украин ұлтшылдар тобының мүшелерін қоныс аударту қиынға соққандығы ілінді. Кеңес билігі оларды бір жерден екінші жерге көшіргенде қырағы болуға тырысты. Мысалы, Украина көтерілісшілері мен олардың отбасыларын тасымалдайтын пойыздар шабуылға тап болады деп оларды шағын топтармен жіберген. Нәтижесінде, 1944 жылы 13320 адам, 1945 жылдың 1 наурызына дейін 16522 адам, сол жылдың екінші жартысында 17597 адам, ал 1946 жылы 35701 адам жер аударылған. 1947 жылы жоспарланған 160 мың адамның тек 75 мыңға жуығы ғана көшірілген. 1948 жылы тек 8274 адам депортацияланды. Бірақ бұл көші-қон 1952 жылға дейін жалғасты (Гуршоева, 2006: 83).

Бұл саясат Польша мен Кеңес Одағының тікелей бақылауымен жүріп, бірнеше халықтарды өзара алмастыру арқылы аймақтағы этникалық картаның өзгеруіне ықпал етті.

Польшадан Украинаға 483 мың украин, ал Украинадан Польшаға 810 мың поляк қоныс аударылып, аталған оқиғалар Польшаның көбіне поляк халқынан тұратын моноэтникалық мемлекетке айналуына септігін тигізді. Ал Украина өз кезегінде өз жерінде поляк тұрғындарының санын едәуір азайтты (Гуршоева, 2006: 90).

Нәтижесінде, 1946 жылдың 31 қазанындағы жағдай бойынша Кеңес Одағынан Польшаға шамамен 1,1 миллион адам қоныс аударылды. Оның ішінде 789982 адам Украинадан, 231152 адам Беларусь Республикасынан және 69724 адам Литвадан қоныс аударылды. Сонымен қатар, Польшадан Кеңес Одағына шамамен 515 мың адам қоныс аударды. Украинаға 482109 адам, Беларусь Республикасына 35 961 адам және Литваға 14 мың адам қоныстандырылды. Бұндай көші-қонға қарамастан, Польшада 150 мың украин қалды. Осы «Висла операциясы», шын мәнінде, екі мемлекеттің өз еркімен жүргізген «этникалық тазарту» науқаны деген зерттеуші Полянның пікірімен келісуге болады (Polian, 2003: 41).

Украина мен Беларусь Республикасының батысынан келген контингент Кеңес Одағының шалғай аудандарында күн кешіп, ауыр еңбек етті. 1940-1941 жылдары көшірілген поляк, украин, белорус халықтарының көбісі 1944-1947 жылдар аралығында өз Отандарына қайта алды. Алайда қайта алмағандары орналасқан жерлерінде күнін көрді. Қазақстанда өмір сүрген арнайы қоныстанушылардың құқықтық жағдайы біраз уақыт бойы еш өзгеріске түспеген. Тек соғыстан кейін ғана жағдай түзеле бастады. Мысалы, 1948 жылы 17 наурызда Қарағанды облыстық атқару комитетіне Қазақ КСР Министрлер Кеңесі еңбек ете алмайтын Батыс Украинадан келген арнайы қоныс аударушыларды ауылшаруашылық аудандарға көшіріп, жетім балаларды балалар үйіне, мүгедектер мен қарттарды мүгедектер үйіне орналастыру бұйрылды. Арнайы қоныс аударушыларға 454 мың рубль көлемінде көмек беру міндеті жүктелді (ҚОМА. 237-қ., 1-т., 27-іс, 23 п.).

Аталған жылдары кеңес билігіне, әсіресе Украина мен Кеңестік Ресейге қауіпті болып саналған украин ұлтшылдарын қоныс аудару үдерісі жүрді. 1951 жылы 3 наурызда 652 Украина ұлтшылдар ұйымының мүшелерін Қарқаралы ауданынан Осакаров ауданына көшіру жоспарланды (ҚОМА. 237-қ., 1-т., 27-іс, 35 п.).

1954 жылы 5 шілдеде КСРО Министрлер Кеңесі «арнайы қоныстанушылардың құқықтық жағдайында кейбір шектеулерді алып тастау туралы» қаулы шығады.

1958 жылы 13 мамырда КОКП ОК Президиумі мен 1960 жылғы 7 қаңтардағы КСРО Жоғарғы Кеңесінің «Арнайы қоныстанушылардың кейбір категорияларына шектеулерді алып тастау туралы» жарлығымен ұлттық астыртын ұйымның мүшелері, бұрынғы кулактар мен олардың отбасы мүшелері, помещиктер, саудагерлер, буржуазиялық партиялардың мүшелері, антикеңестік ұйымдардың мүшелеріне қатысты шектеулер жойылды (Амантаев, 2002: 4).

### **Қорытынды**

Батыс Украина мен Батыс Беларусь аумақтарынан Кеңес Одағына күштеп көшірілген поляк, украин және белорус контингентінің тағдыры кеңестік ұлттық саясаттың репрессивтік сипатын айқын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері мәжбүрлі көшіру қауіпсіздік шарасы аясында ғана емес, этнодемографиялық ахуалды қайта қалыптастыруға бағытталған саяси құрал болғанын көрсетті. Халықтарды өзара алмастыру және репатриациялау саясаты ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдай мен құқықтық шектеулерге ұшыраған арнайы қоныстанушылардың елге қайтуына деген үмітін жандандырып, бірақ бұл үдеріс толық жүзеге аспай, кейбір тұрғындар Кеңестік Қазақстанда қалып қойды.

Осылайша, мақалада ұсынылған материалдар халықтарды күштеп көшіру халықтарды жазалау және бақылау саясаты аясында ғана емес, этнодемографиялық ахуалды реттеуге бағытталғанын көрсетеді. Бұл зерттеу жұмысы Батыс Украина мен Батыс Беларусьтен келген арнайы қоныс аударушылардың тағдырын кешенді түрде талдап, аймақтық деңгейде депортациялық саясатты түсіндіруге үлес қосады.

## Sources

CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan

SAKR — State Archive of the Karaganda Region

## Дереккөздер

ҚР ОМА — Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архиві

ҚОМА — Қарағанды облысының мемлекеттік архиві

## References

- Amantaev, 2002 — *Specpereselency v Karagandinskoj oblasti (1931–1960 gg.): sb. dokumentov* [Special settlers in the Karaganda region (1931–1960): a collection of documents] / State archive of the Karagandy region, ex. ed. Amantaev U.A. Karaganda, 2002. 220 p. (In Russ.).
- Borisova, Legkij, 2022 — *Borisova A.P., Legkij I.M. Pol'skie evrei v nachale Vtoroi mirovoj vojny* [Polish Jews at the Beginning of World War II] // History. Memory. People. Proceedings of the XI International Scientific and Practical Conference (September 20, 2022). / Ex. ed. Alimgazinov K.Sh. Almaty, 2022. Pp. 148–153. (In Russ.).
- Budurowycz, 1963 — *Budurowycz B.B. Polish-Soviet relations, 1932–1939*. New York; London: Columbia University Press, 1963. 230 p.
- Bugaï, 1992 — *Bugaï N. Iosif Stalin — Lavrentiju Berii: «Ih nado deportirovat'...»: dokumenty, fakty, kommentarii* [Joseph Stalin to Lavrentiy Beria: "They must be deported...": documents, facts, comments]. Moscow: Druzhba narodov, 1992. 288 p. (In Russ.).
- Burrell, 2006 — *Burrell K. Personal, inherited, collective: Communicating and layering memories of forced Polish migration // Immigrants, Minorities, 2006. Vol. 24, No. 2. Pp. 144–163.*
- Degitaeva, 2000 — *Iz istorii polyakov v Kazakhstane (1936–1956 gg.): sb. dokumentov* [From the history of Poles in Kazakhstan (1936–1956): a collection of documents] / AP RK; Comp. by E.M. Gribanova, A.S. Zulkasheva; Ex. ed. L.D. Degitaeva. Almaty: Qazaqstan, 2000. 344 p. (In Russ.).
- Documents, 1961 — *Documents on Polish-Soviet relations, 1939–1945: 1939–1943. Vol. 1.* London; Melbourne; Toronto: Heinemann for the General Sikorski Historical Institute, 1961. 626 p.
- Frierson, Vilenskii, 2010 — *Frierson C.A., Vilenskii S.S. Children of the Gulag*. New Haven: Yale University Press, 2010. 450 p.
- Frierson, Vilenskii, 2010 — *Frierson C.A., Vilenskii S.S. Children of the Gulag*. New Haven: Yale University Press, 2010. 450 p.
- Gross, 1988 — *Gross J.T. Revolution from abroad: The Soviet conquest of Poland's Western Ukraine and Western Belorussia*. Princeton: Princeton University Press, 1988. 334 p.
- Gurshoeva, 2006 — *Gurshoeva T.V. Specposelency iz Zapadnoj Ukrainy v Irkutskoj oblasti (1940-e – 1960-e gg.)* [Special settlers from Western Ukraine in the Irkutsk region (1940s – 1960s)]: Cand. thesis. Irkutsk, 2006. 235 p. (In Russ.).
- Halavach, 2024 — *Halavach D. The resettlement from Poland to the Soviet Union, 1944–47: Nation, class, and propaganda in Soviet governance // Kritika: Explorations in Russian and Eurasian History, 2024. Vol. 25. No. 4. Pp. 727–756.*
- Janicki, 2007 — *Janicki M. “Incorrigible enemies of Soviet power”: Polish citizens in the Soviet Union, 1939–1942, in the light of Soviet documents and Polish witnesses’ testimonies: PhD diss.* McGill University (Canada), 2007. 147 p.
- Jolluck, 2002 — *Jolluck K.R. Exile and identity: Polish women in the Soviet Union during World War II*. Pittsburgh: University of Pittsburgh Press, 2002. 356 p.
- Kniga pamyati, 2019 — *Kniga pamyati. Politicheskie repressii v Akmolinskoj oblasti (1919–1954 gg.): sb. arhivnyh dokumentov* [Book of Memory. Political repressions in the Akmola region (1919–1954): a collection of archival documents]. Kokshetau, 2019. 198 p. (In Russ.).
- Kochanski, 2012 — *Kochanski H. The eagle unbowed: Poland and the Poles in the Second World War*. Cambridge: Harvard University Press, 2012. 734 p. Laloy, 1988 — *Laloy J. Yalta: Yesterday, today, tomorrow*. New York: Harper, Row, 1988. 153 p.
- Kokebaeva, Smanova, 2012 — *Kokebaeva G.K., Smanova A.M. Pol'sha – Qazaqstan: tog'yssqan tag'dyrlar* [Poland - Kazakhstan: intertwined destinies]. Almaty, 2012. 208 p. (In Kaz.).
- Korbut, 2019 — *Korbut V. 170 tysyach chelovek deportirovali v 1939–1941 godakh iz Zapadnoi Belorussii* Elektronnyj resurs. [170 thousand people were deported from Western Belarus in 1939–1941. Electronic resource // Polskieradio.pl. 2019. URL: <https://www.polskieradio.pl/397/8260/artukul/2404410> (access date: 29.01.2026). (In Russ.).
- Kubik, 2023 — *Kubik N.A. Reevakuatsiya pol'skih grazhdan Pavlodarskoj oblasti v Pol'shu v 1946 g.* [Re-evacuation of Polish citizens from the Pavlodar region to Poland in 1946] // «Zhana arkhiv». G'ylymi-adistemelik zhurnal, 2023. Vol. 2. No. 1. Pp. 98–106. (In Russ.).
- Nabrdalik, 2008 — *Nabrdalik B. South-Eastern Poland between 1939 and the final Soviet frontier demarcation in 1951: The destruction of an ethnic mosaic // Journal of Slavic Military Studies, 2008. Vol. 21. No. 1. Pp. 17–37.*
- Polian, 2003 — *Polian P.M. Against their will: The history and geography of forced migrations in the USSR*. Budapest: Central European University Press, 2003. 444 p.

Sergijchuk, 2017 — *Sergijchuk V.* Deportaciya ukraincev v Kazahstan v XX veke. Elektronnyĭ resurs [Deportation of Ukrainians to Kazakhstan in the 20th Century. Electronic resource] // e-history.kz. 2017. URL: <https://e-history.kz/ru/news/show/5548> (access date: 29.01.2026). (In Russ.).

Statiev, 2010 — *Statiev A.* The Soviet counterinsurgency in the western borderlands. Cambridge: Cambridge University Press, 2010. 368 p.

Sword, 1994 — *Sword K.* Deportation and exile: Poles in the Soviet Union, 1939–1948. New York: St. Martin's Press, 1994. 269 p.

Trofimovich, 2011 — *Trofimovich V.V.* Etnodemograficheskie izmeneniya v Vostochnoj Galicii i Volyni (1939–1941) [Ethnodemographic changes in Eastern Galicia and Volyn (1939–1941) // Western Belarus and Western Ukraine in 1939–1941: people, events, documents. Saint Petersburg: Aleteya, 2011. P. 424 (In Russ.).

Zberovskaya, 2014 — *Zberovskaya E.P.* Specposelency iz Zapadnoj Ukrainy v Krasnoyarskom krae (1945 – nach. 1960-kh gg.): process sociokul'turnoj adaptacii [Special settlers from Western Ukraine in the Krasnoyarsk Territory (1945–early 1960s): the process of sociocultural adaptation] // Vestnik Krasnoyarskogo gosudarstvennogo agrarnogo universiteta, 2014. No. 15. Pp. 250–254. (In Russ.).

### Әдебиеттер тізімі

Амантаев, 2002 — *Спецпереселенцы в Карагандинской области (1931–1960 гг.): сб. документов / Гос. архив Карагандинской области; отв. ред. У.А. Амантаев. Караганда, 2002. 220 с.*

Борисова, Легкий, 2022 — *Борисова А.П., Легкий И.М.* Польские евреи в начале Второй мировой войны // История. Память. Люди. Материалы XI Международной научно-практической конференции (20 сентября 2022 г.) / отв. ред. К.Ш. Алимгазинов. Алматы, 2022. С. 148–153.

Бугай, 1992 — *Бугай Н.* Иосиф Сталин – Лаврентию Берии: «Их надо депортировать...»: документы, факты, комментарии. Москва: Дружба народов, 1992. 288 с.

Гуршоева, 2006 — *Гуршоева Т.В.* Спецпоселенцы из Западной Украины в Иркутской области (1940-е – 1960-е гг.): диссертация канд. ист. наук. Иркутск, 2006. 235 с.

Дегитаева, 2000 — *Из истории поляков в Казахстане (1936–1956 гг.): сб. документов / Архив Президента РК; сост. Е.М. Грибанова, А.С. Зулкашева; отв. ред. Л.Д. Дегитаева. Алматы: Қазақстан, 2000. 344 с.*

Зберовская, 2014 — *Зберовская Е.П.* Спецпоселенцы из Западной Украины в Красноярском крае (1945 – нач. 1960-х гг.): процесс социокультурной адаптации // Вестник Красноярского государственного аграрного университета, 2014. № 15. С. 250–254.

Книга памяти, 2019 — *Книга памяти.* Политические репрессии в Акмолинской области (1919–1954 гг.): сб. архивных документов. Кокшетау, 2019. 198 с.

Көкебаева, Сманова, 2012 — *Көкебаева Г.К., Сманова А.М.* Польша – Қазақстан: тоғыскан тағдырлар. Алматы, 2012. 208 б.

Корбут, 2019 — *Корбут В.* 170 тысяч человек депортировали в 1939–1941 годах из Западной Белоруссии [Электронный ресурс] // Polskieradio.pl. 2019. URL: <https://www.polskieradio.pl/397/8260/artukul/2404410> (дата обращения: 29.01.2026).

Кубик, 2023 — *Кубик Н.А.* Реэвакуация польских граждан Павлодарской области в Польшу в 1946 г. // Қазақстан Республикасы Президенті Архиві. «Жаңа архив». Ғылыми-әдістемелік журнал, 2023. Т. 2. № 1. Б. 98–106.

Сергийчук, 2017 — *Сергийчук В.* Депортация украинцев в Казахстан в XX веке [Электронный ресурс] // e-history.kz, 2017. URL: <https://e-history.kz/ru/news/show/5548> (дата обращения: 29.01.2026)

Трофимович, 2011 — *Трофимович В.В.* Этнодемографические изменения в Восточной Галиции и Волыни (1939–1941) // Западная Белоруссия и Западная Украина в 1939–1941 гг.: люди, события, документы. Санкт-Петербург: Алетейя, 2011. С. 424.

Budurowycz, 1963 — *Budurowycz B.B.* Polish-Soviet relations, 1932–1939. New York; London: Columbia University Press, 1963. 230 p.

Burrell, 2006 — *Burrell K.* Personal, inherited, collective: Communicating and layering memories of forced Polish migration // Immigrants, Minorities, 2006. Vol. 24, No. 2. Pp. 144–163.

Documents, 1961 — *Documents on Polish-Soviet relations, 1939–1945: 1939–1943.* Vol. 1. – London; Melbourne; Toronto: Heinemann for the General Sikorski Historical Institute, 1961. 626 p.

Frierson, Vilenskii, 2010 — *Frierson C.A., Vilenskii S.S.* Children of the Gulag. – New Haven: Yale University Press, 2010. 450 p.

Gross, 1988 — *Gross J.T.* Revolution from abroad: The Soviet conquest of Poland's Western Ukraine and Western Belorussia. – Princeton: Princeton University Press, 1988. 334 p.

Halavach, 2024 — *Halavach D.* The resettlement from Poland to the Soviet Union, 1944–47: Nation, class, and propaganda in Soviet governance // Kritika: Explorations in Russian and Eurasian History, 2024. Vol. 25, No. 4. Pp. 727–756.

Janicki, 2007 — *Janicki M.* “Incorrigible enemies of Soviet power”: Polish citizens in the Soviet Union, 1939–1942, in the light of Soviet documents and Polish witnesses’ testimonies: PhD diss. McGill University (Canada), 2007. 147 p.

- Jolluck, 2002 — *Jolluck K.R.* Exile and identity: Polish women in the Soviet Union during World War II. Pittsburgh: University of Pittsburgh Press, 2002. 356 p.
- Kochanski, 2012 — *Kochanski H.* The eagle unbowed: Poland and the Poles in the Second World War. Cambridge: Harvard University Press, 2012. 734 p.
- Laloy, 1988 — *Laloy J.* Yalta: Yesterday, today, tomorrow. New York: Harper, Row, 1988. 153 p.
- Nabrdalik, 2008 — *Nabrdalik B.* South-Eastern Poland between 1939 and the final Soviet frontier demarcation in 1951: The destruction of an ethnic mosaic // *Journal of Slavic Military Studies*, 2008. Vol. 21, No. 1. Pp. 17–37.
- Polian, 2003 — *Polian P.M.* Against their will: The history and geography of forced migrations in the USSR. Budapest: Central European University Press, 2003. 444 p.
- Statiev, 2010 — *Statiev A.* The Soviet counterinsurgency in the western borderlands. Cambridge: Cambridge University Press, 2010. 368 p.
- Sword, 1994 — *Sword K.* Deportation and exile: Poles in the Soviet Union, 1939–1948. New-York: St. Martin’s Press, 1994. 269 p.

## CONTENTS

## HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

<b>Abdimomynov N.T., Ospanova A.O., Djumashev A.</b> FROM IDEOLOGY TO EMPIRICAL SYNTHESIS: THE EVOLUTION OF THE SOVIET RUSSIAN HISTORIOGRAPHY ON THE POLITICAL ECONOMY OF THE GOLDEN HORDE) .....	7
<b>Kalfa M., Kozhakhan Zh., Beysegulova A.</b> THE HISTORY OF RESEARCH ON THE LEATHER-PROCESSING CRAFT OF THE KAZAKH PEOPLE.....	23
<b>Temirkhanov B., Mutaliyev M., Karakulak M.</b> THE IMAGE OF KHOJA AHMET YASSAWI IN THE “KAZAKH” NEWSPAPER.....	36

## HISTORY

<b>Aldazhumanov K.S., Sandybayeva D.M., Abuov N.A.</b> KAZAKHSTANIS IN CAPTIVITY, THE PARTISAN MOVEMENT, AND THE EUROPEAN RESISTANCE.....	46
<b>Barin E., Satayeva B.</b> THE CONSTRUCTIVE ROLE OF CULTURE AND LANGUAGE IN HISTORICAL DISCOURSE.....	62
<b>Bulanov E., Tumabayev T., Safarov R.</b> THE BASMACHI MOVEMENT IN CENTRAL ASIA: HISTORICAL ORIGINS AND REGIONAL PECULIARITIES.....	79
<b>Zholdassuly T., Madelkhanova M.</b> THE “KOSHCHI” UNION AND ITS ACTIVITIES IN THE KYZYLORDA REGION: A STUDY BASED ON ARCHIVAL MATERIALS (1920–1929).....	95
<b>Kasymbekova M.A., Vecihi S.F.H.</b> SOCIAL PREREQUISITES FOR THE EMERGENCE AND DEVELOPMENT OF SUFI ORDERS IN CENTRAL ASIA.....	111
<b>Kokebayeva G.K., Bissembaiuly M.</b> FORCED MIGRATION AND ETHNIC POLICY IN WESTERN BELARUS AND WESTERN UKRAINE IN THE 1940s.....	125
<b>Kuanbay O.B., Apendiyev T.A., Ushkurbayeva A.E.</b> DEMOGRAPHIC DYNAMICS OF TAJIKISTAN: FERTILITY, MORTALITY, TRENDS AND FORECASTS (1990–2023).....	139
<b>Malikova S.Z., Tashagil A., Issakayeva A.M.</b> AUL BAIS: THE POLICY OF CONFISCATION AND DEPORTATION CONDUCTED IN THE BULAEV DISTRICT.....	155
<b>Muhametkhanuli N., Kurbanali Zh.</b> POLITICAL RELATIONS BETWEEN THE HAN DYNASTY AND THE XIONGNU AND THEIR INFLUENCE ON NOMADIC CIVILIZATION.....	169
<b>Mukhatova O.Kh., Seffat D.</b> KAZAKH – RUSSIAN DIPLOMATIC RELATIONS OF THE LATE 17TH – EARLY 18TH CENTURIES .....	182
<b>Myrzabekova R., Zhakupova G., Rakhmonkulova Z.</b> FORCED LABOR SYSTEM IN THE TERRITORY OF THE KAZAKH SSR ON THE EXAMPLE OF JAPANESE PRISONERS OF WAR (1946–1956).....	195
<b>Nurpeissova E., Baydaly R., Abil Ye.</b> SOCIO-POLITICAL ACTIVITY OF ELDES OMAROV DURING THE YEARS OF CIVIL CONFRONTATION (1917–1919).....	211
<b>Sarsembayeva G.A., Zhailaubayeva A.N., Ualtayeva A.</b> SOCIO-DEMOGRAPHIC PROCESSES IN THE CITIES OF EAST KAZAKHSTAN IN THE 90s OF THE XXth CENTURY (BASED ON THE EXAMPLE OF UST-KAMENOGORSK AND SEMIPALATINSK).....	225
<b>Sissenbayeva A., Kalybekova M.Ch., Abuov N.A.</b> KAZAKHSTANI PRISONERS OF WAR IN NAZI CONCENTRATION CAMPS DURING THE SECOND WORLD WAR: POSSIBILITIES FOR RECONSTRUCTING INDIVIDUAL FATES ON THE BASIS OF ARCHIVAL CARD FILES.....	241
<b>Teleuova E.T., Zhumadil A.K.</b> THE FORMATION PATTERNS OF A HYBRID LEGAL MODEL IN THE 19TH CENTURY KAZAKH STEPPE.....	256

## ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

<b>Assylbekova N., Kistaubayeva A., Dospanov O.</b> KAZAKH ETHNOGRAPHIC COLLECTIONS OF THE KUNSTKAMERA: A MUSEOLOGICAL ANALYSIS.....	270
<b>Musabayev K., Sizdikov B., Maldybek A.</b> THE LOCALIZATION OF THE MEDIEVAL CITY OF SURI: BASED ON WRITTEN AND ARCHAEOLOGICAL SOURCES.....	282

## МАЗМҰНЫ

### ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

<b>Абдимомынов Н.Т., Оспанова А.А., Жумашев А.М. ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ДОГМАЛАРДАН ЭМПИРИКАЛЫҚ СИНТЕЗГЕ: АЛТЫН ОРДАНЫҢ САЯСИ ЭКОНОМИЯСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ КЕҢЕСТІК ТАРИХНАМАНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ.....</b>	<b>7</b>
<b>Калфа М., Қожахан Ж., Бейсеғұлова А. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТЕРІ ӨНДЕУ КӘСІБІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....</b>	<b>23</b>
<b>Темирханов Б., Муталиев М., Каракулак М. ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ БЕЙНЕСІНІҢ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ.....</b>	<b>36</b>

### ТАРИХ

<b>Алдажұманов Қ.С., Сандыбаева Д.М., Абуов Н.А. ТҮТҚЫНҒА ТҮСКЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР, ПАРТИЗАН ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ҚАРСЫЛАСУ ҚОЗҒАЛЫСЫ.....</b>	<b>46</b>
<b>Барын Е., Сатаева Б. ТАРИХИ ДИСКУРСТАҒЫ МӘДЕНИЕТ ПЕН ТІЛДІҢ КОНСТРУКТИВТІК ҚЫЗМЕТІ.....</b>	<b>62</b>
<b>Бұланов Е.О., Тұмабаев Т.С., Сафаров Р.И. ОРТА АЗИЯДАҒЫ БАСМАШЫЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫ: ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ МЕН АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....</b>	<b>79</b>
<b>Жолдасұлы Т., Маделханова М. «ҚОСШЫ» ОДАҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ӨҢІРІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ: АРХИВТІК МАТЕРИАЛДАР БОЙЫНША ЗЕРТТЕУ (1920–1929 жж.).....</b>	<b>95</b>
<b>Касымбекова М.Ә., Вежихи С.Ф.Х. ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА СОПЫЛЫҚ ТАРИҚАТТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК АЛҒЫШАРТТАРЫ.....</b>	<b>111</b>
<b>Көкебаева Г.К., Бисембайұлы М. 1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАТЫС БЕЛАРУСЬ ПЕН БАТЫС УКРАИНАДАҒЫ МӘЖБҮРЛІ МИГРАЦИЯ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ САЯСАТ.....</b>	<b>125</b>
<b>Қуанбай О.Б., Әпендиев Т.Ә., Ушқурбаева А.Е. ТӘЖІКСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДИНАМИКАСЫ: ТУЫЛУ МЕН ӨЛІМ-ЖІТІМ КӨРСЕТКІШІ, ТЕНДЕНЦИЯЛАР ЖӘНЕ БОЛЖАМДАР (1990–2023).....</b>	<b>139</b>
<b>Маликова С.З., Ташағыл А., Исакаева А.М. АУЫЛ БАЙЛАРЫ: БУЛАЕВ АУДАНЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ТӘРКІЛЕУ ЖӘНЕ ЖЕР АУДАРУ САЯСАТЫ.....</b>	<b>155</b>
<b>Мұқаметханұлы Н., Құрбанәлі Ж. ХАНЬ ДИНАСТИЯСЫ МЕН ҒҰНДАРДЫҢ САЯСИ ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӨШПЕНДІЛЕР ӨРКЕНИЕТІНЕ ЫҚПАЛЫ.....</b>	<b>169</b>
<b>Мұхатова О.Х., Сеффат Д. XVII Ғ. СОҢЫ – XVIII Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ОРЫС ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ.....</b>	<b>182</b>
<b>Мырзабекова Р., Жақупова Г., Байхоразова З. ҚАЗАҚ КСР ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ МӘЖБҮРЛІ ЕҢБЕК ЖҮЙЕСІ ЖАПОН СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫ МЫСАЛЫНДА (1946–1956).....</b>	<b>195</b>
<b>Нурпенсова Э.Т., Байдалы Р.Ж., Әбіл Е.А. ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚАРСЫЛАСУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ (1917–1919 жж.).....</b>	<b>211</b>
<b>Сарсембаева Г.А., Жайлаубаева А.Н., Уалтаева А.С. XX ҒАСЫРДЫҢ 90–Ы ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК–ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР (ӨСКЕМЕН МЕН СЕМЕЙ МЫСАЛЫНДА).....</b>	<b>225</b>
<b>Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч., Абуов Н.А. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КОНЦЛАГЕРЬЛЕРДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАР: АРХИВТІК КАРТОТЕКАЛАР НЕГІЗІНДЕ ОЛАРДЫҢ ТАҒДЫРЛАРЫН ҚАЙТА ҚАРАУ МҮМКІНДІКТЕРІ.....</b>	<b>241</b>
<b>Телеуова Э.Т., Жұмаділ А.Қ. XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ГИБРИДТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҮЛГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ.....</b>	<b>256</b>

### ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Асылбекова Н., Кистаубаева А., Доспанов О. КУНСТКАМЕРАДАҒЫ ҚАЗАҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫ: МУЗЕЙТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ.....</b>	<b>270</b>
<b>Мұсабаев Қ., Сиздиқов Б., Малдыбек А. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СУРИ ҚАЛАСЫНЫҢ ЛОКАЛИЗАЦИЯСЫ: ЖАЗБА ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ.....</b>	<b>282</b>

## СОДЕРЖАНИЕ ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

<b>Абдимомынов Н.Т., Оспанова А.А., Жумашев А.М. «ОТ ИДЕОЛОГИЧЕСКИХ ДОГМ К ЭМПИРИЧЕСКОМУ СИНТЕЗУ: ЭВОЛЮЦИЯ СОВЕТСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ПОЛИТЭКОНОМИИ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ».....</b>	<b>7</b>
<b>Калфа М., Кожахан Ж., Бейсегулова А. ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ КОЖЕВЕННОГО ремесла КАЗАХСКОГО НАРОДА.....</b>	<b>23</b>
<b>Темирханов Б., Муталиев М., Каракулак М. ОБРАЗ ХОДЖИ АХМЕДА ЯСАВИ В ГАЗЕТЕ «КАЗАХ».....</b>	<b>36</b>

### ИСТОРИЯ

<b>Алдажуманов К.С., Сандыбаева Д.М., Абуов Н.А. КАЗАХСТАНЦЫ В ПЛЕНУ, ПАРТИЗАНСКОМ ДВИЖЕНИИ И ЕВРОПЕЙСКОМ СОПРОТИВЛЕНИИ.....</b>	<b>46</b>
<b>Барын Е., Сагаева Б. КУЛЬТУРА И ЯЗЫК КАК КОНСТРУКТИВНЫЕ ФАКТОРЫ ИСТОРИЧЕСКОГО ДИСКУРСА.....</b>	<b>62</b>
<b>Буланов Е.О., Тумабаев Т.С., Сафаров Р.И. БАСМАЧЕСКОЕ ДВИЖЕНИЕ В СРЕДНЕЙ АЗИИ: ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОКИ И РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ.....</b>	<b>79</b>
<b>Жолдасулы Т., Маделханова М. СОЮЗ «КОШЧИ» И ЕГО ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КЫЗЫЛОРДИНСКОМ РЕГИОНЕ: ИССЛЕДОВАНИЕ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ МАТЕРИАЛОВ (1920–1929 гг.).....</b>	<b>95</b>
<b>Касимбекова М.А., Вежихи С.Ф.Х. СОЦИАЛЬНЫЕ ПРЕДПОСЫЛКИ ВОЗНИКНОВЕНИЯ И РАЗВИТИЯ СУФИЙСКИХ ОРДЕНОВ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....</b>	<b>111</b>
<b>Кокебаева Г.К., Бисембайулы М. ВЫНУЖДЕННАЯ МИГРАЦИЯ И ЭТНИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА В ЗАПАДНОЙ БЕЛАРУСИ И ЗАПАДНОЙ УКРАИНЕ В 1940-х ГОДАХ.....</b>	<b>125</b>
<b>Куанбай О.Б., Апендиев Т.А., Ушкурбаева А.Е. ДЕМОГРАФИЧЕСКАЯ ДИНАМИКА ТАДЖИКИСТАНА: РОЖДАЕМОСТЬ, СМЕРТНОСТЬ, ТЕНДЕНЦИИ И ПРОГНОЗЫ (1990–2023 ГГ.).....</b>	<b>139</b>
<b>Маликова С.З., Ташагыл А., Исакаева А.М. АУЛЬНЫЕ БАИ: ПОЛИТИКА КОНФИСКАЦИИ И ВЫСЕЛЕНИЕ ПРОВЕДЕННАЯ В БУЛАЕВСКОМ РАЙОНЕ.....</b>	<b>155</b>
<b>Мукаметханулы Н., Курбанали Ж. ПОЛИТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ ДИНАСТИИ ХАНЬ И ХУННУ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА ЦИВИЛИЗАЦИЮ КОЧЕВНИКОВ.....</b>	<b>169</b>
<b>Мухатова О.Х., Сеффат Д. КАЗАХСКО – РУССКИЕ ДИПЛОМАТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ КОНЦА XVII – НАЧАЛА XVIII ВВ.....</b>	<b>182</b>
<b>Мырзабекова Р., Жакупова Г., Рахмонкулова З. СИСТЕМА ПРИНУДИТЕЛЬНОГО ТРУДА НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСКОЙ ССР НА ПРИМЕРЕ ЯПОНСКИХ ВОЕННОПЛЕННЫХ (1946–1956 гг.).....</b>	<b>195</b>
<b>Нурпенсова Э.Т., Байдалы Р.Ж., Абиля Е.А. ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЕЛДЕСА ОМАРОВА В ГОДЫ ГРАЖДАНСКОГО ПРОТИВОСТОЯНИЯ (1917–1919 гг.).....</b>	<b>211</b>
<b>Сарсембаева Г.А., Жайлаубаева А.Н., Уалтаева А.С. СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В ГОРОДАХ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В 90-е ГОДЫ XX ВЕКА (НА ПРИМЕРЕ УСТЬ-КАМЕНОГОРСКА И СЕМИПАЛАТИНСКА).....</b>	<b>225</b>
<b>Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч., Абуов Н.А. ВОЕННОПЛЕННЫЕ-КАЗАХСТАНЦЫ В КОНЦЛАГЕРЯХ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ: ВОЗМОЖНОСТИ РЕКОНСТРУКЦИИ СУДЕБ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ КАРТОТЕК.....</b>	<b>241</b>
<b>Телеуова Э.Т., Жумадил А.К. ЗАКОНОМЕРНОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ГИБРИДНОЙ ПРАВОВОЙ МОДЕЛИ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В XIX ВЕКЕ.....</b>	<b>256</b>

### ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Асылбекова Н., Кистаубаева А., Доспанов О. КАЗАХСКИЕ ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ КОЛЛЕКЦИИ КУНСТКАМЕРЫ: МУЗЕЕВЕДЧЕСКИЙ АНАЛИЗ.....</b>	<b>270</b>
<b>Мусабаев К., Сиздиков Б., Малдыбек А. ЛОКАЛИЗАЦИЯ СРЕДНЕВЕКОВОГО ГОРОДА СУРИ: НА ОСНОВЕ ПИСЬМЕННЫХ И АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ СВИДЕТЕЛЬСТВ.....</b>	<b>282</b>

**ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”**

2026. 13 (1)

*Бас редактор:*  
Қабылдинов З.Е.

*Компьютерде беттеген:*  
Копеева С.Ж.

*Құрылтайшысы және баспагері:*

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй  
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй